

бауырларын құрметтеу, қамқорлық жасау, сыйластық қарым-қатынас орната білу, кісілік қасиет қалыптастыру.

– Қазақстанды мекен ететін халықтарға деген сезімін қалыптастыруда ұлт өкілдеріне түсінікпен қарау, сыйластық қатынас орната білу өзге ұлттардың салт-дәстүрін сыйлау.

М. Жұмабаев патриоттық тәрбиені оқумен байланыстыра келе: «Патриотизм мен ұлылықты қалыптастыру құрғақ сөзбен жасалынбайды. Оған жүйелі бағдарлама кемінде оқу-тәрбие жұмыстары қажет» - деп атап көрсетті. Оған үшін от кешкен жауынгер ағамыз Б.Момышұлы да патриотизмді қолдап өз ойын шебер суреттеген: «Отан – біріккен елдердің біртұтас бірегей мерейлі мекені өз отанын сүймеген адамды халық отансыз деп жек көреді. Опасызда отан жоқ, Отанда оның орны жоқ, Нағыз патриот – Отанын қорғайды, Отанға қызмет етпеген, Отанын сатқан адамға өлім жазасы беріледі»- дейді. Қазіргі кезеңдегі бала тәрбиесіндегі патриоттық тәрбиенің негізгі міндеттері – мектеп жасына дейінгі балаларға білім мен тәрбиеге қойылатын талап, тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, баланың ұлттық сана сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарасын қалыптастыру болып отыр. Ұлттық патриоттық сезімді өзінің бүкіл елімен және халқымен тұтастай сезіну, адамды қолдап отыратын өзінің күшімен мүмкіндіктерімен сенімін нығайтатын ең күшті сезім болып отыр.

Патриотизмге тәрбиелеудің негізгі бағыттары мыналар болуы тиіс:

1. Балаларда патриоттық сана қалыптастыру.

2. Балалардың патриоттық сезімдеріне түрткі беріп отыру.

3. Өсіп келе жатқан жас буындардың патриоттық іс-әрекетін ұйымдастыру және оны өмір салтына ендіру арқылы әдет дағдыға айналдыру.

4. Әр баланың өз іс-әрекетін санамен талдауы (қалағалау, бақылау, байқау) арқылы өзін-өзі тәрбиелеуі.

Біздің балабақшамызда патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді. Ауылымыздағы ескерткіштерге, кітапхана, саябақ т.б. жерлерге серуен ұйымдастырылып тұрады. Балабақша тәрбиешілері ата-аналармен де тығыз байланысты. Ата-аналармен бірге балабақша ауласына тал отырғазып, туған өлкемізбен танысу мақсатында